

**Маңғыстау облыстық білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша  
білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектеп » коммуналдық  
мемлекеттік мекемесін өзін-өзі бағалауының қорытындысы**

**Баянды ауылы**

**29 «тамыз» 2022 ж**

(қорытындыны жасау орны)

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 10.11.2021 жылғы №180 бұйрығымен бекітілген «Маңғыстау облысы бойынша 2022 жылдың екінші жарты жылдығына арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімі».

2022 жылдың 05 мамыр мен 06 маусым аралығында өзін-өзі бағалау өткізілді. Өзін-өзі бағалауды мектеп директорының «05» мамыр 2022ж №266-нқ бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясы(бұдан әрі-комиссия) өткізді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Байназарова Жанар Асылбековна	Мектеп директоры
Емешова Жамила Муналовна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
Измаганбетова Женискул Нургазаевна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Уркинбаева Гулнур Узакбайқызы	Кәсіподақ төрайымы
Бегенішова Фархат Бесінбайқызы	Бастауыш сынып мұғалімі, зерттеуші.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізді,білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары сәйкестігіне талдау жасады.

## **1.«№3 жалпы білім беретін мектеп » коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы жалпы мәлімет.**

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Маңғыстау облысы білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

- БСН 9906400000134 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 20 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1999 жыл 28 маусым.
- Заңды мекен-жайы: 130006, Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Баянды ауылы ,Баянды-3 тұрғын үй алабы, ғимарат №555. Электрондық мекен-жайы: [baiandy3@mail.ru](mailto:baiandy3@mail.ru), Телефон, факс: 8 (7292) 467120.
- Мектептің техникалық паспорты 2014 жылы 07 сәуірде жасалған. Сериясы – , қабат саны-3, құрылыс ауданы-4424,6 м<sup>2</sup>, ғимараттың ауқымы-55300 м<sup>3</sup>, жалпы алаң-11081,8м<sup>2</sup>,негізгі ауданы -6212,6 м<sup>2</sup> салынған жылы-2013 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).
- «№3 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2001.2021 жылы тіркеліп, Маңғыстау облысының әкімдігінің 2021 жылғы 05 қаңтардағы №5 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);
- Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Баянды селосының әкімінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 17 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 3,9945 га) кадастрлық номері: 13-203-087-1676 (көшірме қосымша ұсынылады).
- Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
- Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 02 ақпан 2021 жылғы №KZ21LAA00021357, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).
- «№3 жалпы білім беретін мектеп » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

· «№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ–нің басқару органы -Маңғыстау облысының білім басқармасы; Құрылтайшысы-Маңғыстау облысының әкімдігі.

Мектеп директоры Байназарова Жанар Асылбековна 2019 жылы 13 қарашада Мұнайлы аудандық білім бөлімінің №171/б бұйрығымен Мұнайлы аудандық әкімдігінің Мұнайлы аудандық білім бөлімінің «№3 жалпы білім беру орта мектебі» КММ-інің директоры қызметіне тағайындалды. 2021 жылдың 12 қаңтарында «Мұнайлы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №02-24/12 жқ бұйрығымен мектеп директоры қызметінде қайта тағайындалды.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- б) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Мектепте 2022-2027 жылдарға арналған мектепті стратегиялық дамыту жоспары жоспарланған.

### **2022-2024 жылдары - I кезең**

Жоспардың мақсаты негізінде комплексті түрде жүйелі жұмыс ұйымдастыру.

Қажетті ресурстармен қамтамасыз ету

Жоспардың нормативтік базасын әзірлеу және бекіту.

Оны іске асыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын анықтау және талқылау

### **2025-2026 жылдар- II кезең**

Жоспарды жүзеге асыру

### **2027 жыл- III кезең**

Жоспарды жүзеге асыру барысындағы нәтижелерді жинақтау, сараптама жасау, талдау, нақты ұсыныстар енгізу. Нәтижелерді рәсімдеу және қорытындылау. Озат тәжірибе жетістіктерін енгізу. Бағдарламаның жүзеге асырылуына қорытынды жасау.

Мектептің өзекті мәселесі бойынша алға қойылған міндеттері:

1. Мектептің білім беру жүйесін жаңғыртуда мақсатты сипатты қамтамасыз ету бойынша білім беру кеңістігі субъектілерінің қызметін үйлестіру, күш-жігер мен ресурстарды шоғырландыру үздік әлемдік практикаға сәйкес келетін мектепті дамыту;

2. Білім беру саласының әлеуметтік-мәдени мәселелерін шешу және экономикалық өсуге білім берудің тиісті үлесін қамтамасыз ету;

3. Мектепте білім беруді дамытудың жергілікті бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз құру

4. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.

5. Білім сапасын 48 пайыздан 70 пайызға арттыру.

6. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.

7. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.

8. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.

9. Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2022 жылы 31 тамыздағы №331-нқ бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы хатшыны есептемегенде 5 адамнан тұрады.

**2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.**

**2.1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі бағаланды.**

**Бағалау нәтижелері:**

2019-2020 оқу жылына арналған «Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ» жылдық жоспары 29.08.2019 жылы, 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспары 28.08.2020 жылы бекітілген, 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспары 28.08.2021 жылы №1 педагогикалық кеңесте бекітілген. №3

ЖББМ көрсетілген оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарлары бар, жоспардағы мәселелердің қаралғаны жөнінде педагогикалық кеңес хаттамалары бар. Мектепшілік бақылау-басшылықты жүзеге асыру бағытында педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңестер және әдістемелік кеңесте өзекті мәселелер, яғни пәндердің берілісі толықтай жоспарда қамтылған. Оқу жылының жұмыс жоспарында Алтын белгі, Үздік аттестатқа үміткерлер туралы мәселелер қойылған, педагогикалық кеңес хаттамалары бар.

**2019-2020 оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттері.**

**2019-2020 оқу жылында жұмыстың басым бағыты:** *Отандық іс-тәжірибе негізінде әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, функционалды сауаттылықты арттыру үшін сыни тұрғыда ойлай алатын, қоршаған әлемнің алуан түрлілігі мен өзара байланыстарын түсінетін ХІ ғасыр азаматын қалыптастыруы.*

**Мақсаты:**

1. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сапалы біліммен қамтамасыз ету.
2. Білім беру мазмұнын жаңартуда педагог мамандардың кәсіби қалыптасуын жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызу.
3. Мектепте инновациялық үдерістерді белсендіру мен қолдаудағы әдістемелік қызметтің рөлін күшейту.
4. Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын ендіруге байланысты іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру.
5. Оқу процесінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын басты бағыт ретінде пайдалана отырып, оқытудың заманауи үлгісін қалыптастыру. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәжірибесін, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

**Міндеттері:**

- Қазақстан Республикасы «білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік білім стандартында көрсетілген міндетті базалық білім деңгейін әрбір оқушының меңгеруін қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру;
- Оқытудың мазмұны мен пішінін өзгертуде педагог мамандардың кәсіби өздік білімдерін көтеру мақсатында әдістемелік қызметтің, пән бірлестіктерінің жұмыс белсенділігін арттыру, кәсіби педагогикалық шеберлік пен шығармашылықты дамытуға бағытталған педагогтардың біліктілігін көтеру жұмыстарын жалғастыру.
- Ғылыми жобаларға дайындық, перспективалық жоспар құра отырып, ғылыми кеңесші тағайындап, белгіленген тақырыппен жұмыстану, оқушы бағыттау, іздендіру шараларын қолға алу;
- Білім сапасын арттыру жолында мектепшілік бақылауды күшейту;
- Тәрбие жұмысының жүйесін жетілдіру бойынша шаралар қолдану, СӨС-ын насихаттау, діни-адамгершілік тәрбиесі бойынша жұмысты жаңдандыру.
- Қамқорлық Кеңесі арқылы мектеп пен отбасы арасындағы әлеуметтік серіктестікті қамтамасыз ету
- Ата – аналар, жергілікті мекемелермен ынтымақтастықты нығайту.

**1. Педагогикалық кеңес жұмысының жоспары.**

<b>Ме рзі мі</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Күн тәртібі</b>	<b>Орындауға жауаптылар</b>
<b>Т а м ы з</b>	<b>№1 педагогикалық кеңес «Келешекке – кемел біліммен »</b>	1.Мектептің 2019-2020 оқу жылының оқу-тәрбие жоспарын талқылау және бекіту.	Ж.А.Байназарова (мектеп директоры)
		2.Мектеп қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен кезекшілік графигін, мектептегі ішкі еңбек тәртібі бойынша түзіп, таныстыру.	Ж.А.Байназарова (мектеп директоры) Измағанбетова Ж. (тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
		3.2019-2020 оқу жылына базистік оқу жоспарының түрін таңдап алу және бекіту.1-10 сыныптардағы жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру	Ж.А.Байназарова (мектеп директоры)
		4.Мұғалімдердің апталық жүктемесіне бөлінген сағаттарды бекіту, оқу жоспарындағы факультатив, таңдау пәндері, үйірмеге берілген сағаттарын нұсқаулыққа сай бөлу.	Ж.А.Байназарова (мектеп директоры) Емешова Ж.М. (оқу ісі жөніндегі орынбасары)
		5.Мектепалды дайындық сыныптан бастап, 11-ші сыныптарға дейін сыныптарды комплектілеу, тарификацияға, ОШ-1 есебін тапсыруға құжаттарды дайындау.	Ж.А.Байназарова (мектеп директоры) Майлыбаева Ж. (Стат.орынбасар)
		6.Мектептің оқу-тәрбие жұмысында мұғалімдерге қоғамдық міндеттерді жүктеу және бекіту, педагогикалық кеңестің жаңа құрамын сайлау лауазымдық жалақысын есептейтін және тарификациядан өткізу комиссиясын құру.	Ж.А.Байназарова (мектеп директоры)
		7.Мектеп бітіруші 11- сыныптың үздік оқушыларын «Алтын белгі» белгісіне және «Үздік аттестат» алуға, 9-сыныптың үздік оқушыларын «Үздік куәлік» алуға ұсыныс беру туралы	9-11 сынып жетекшілер

		8. Мектепке жол акциясы-2019; 2019-2020 оқу жылында ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды нақтылау;	М. Құрақбай
қ а р а ш а	№2 педагогикалық кеңес «Жаңартылған білімге – жаңашыл ұстаз»	1. Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 1-тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау, 2-тоқсанға жоспарланған жұмыстар мен міндеттер.	Майлыбаева Ж. (Стат.орынбасар)
		2. Мектептің тәрбие жұмысының психологиялық қызметпен біріккен әрекеті. Сынып жетекшілер жұмысын зерделеу. 1-11 сыныптар арасындағы сынып сағаттарының өтілу сапасы.	Измағанбетова Ж. (тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
		3. Баяндама: «Баға қоюдың шәкірт психологиясына әсері»	М. Жетпісова психолог.
		4. Мұғалім тұлғасына қоғам қоятын талаптардың деңгейі.	А. Имашева..
		5. Есеп беру жылындағы қаржышаруашылық қызметінің нәтижелері және келесі жылға арналған міндеттер.	А. Қарағұлова ШЖО, Ұ. Медетова есепші.
қ а ң т а р	№3 педагогикалық кеңес Табысты сабақ-сапалы білім	1. 1-жарты жылдық бойынша атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарын қорытындылау және талдау; 2. 2-жарты жылдыққа жоспарланған жұмыстар мен міндеттер	Майлыбаева Ж. (Стат.орынбасар)
		3. ОЖСБ және мектепшілік бақылау бойынша жарты жылдықта алынған байқау тесттерінің сараптама көрсеткіші.	Акрамова Г.
		4. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының, «Рухани жаңғыру, Туған жер» бағдарламасының қолданыстағы оқу бағдарламасына енгізілу және жүргізілу жайы.	ДТЖО Ж.Измағанбетова;

		5. Дарынды балалар кәсіби қоғамдастық жетекшісінің I жарты жылдық есебі.	Жаппаров Ж.
		6. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс-басты назарда.	Ұ.Қызылғұлова.
		<b>7.Баяндама:</b> «Табысты сабақ жоспарын құру жолдары»	Аллаярова Т.
<b>на у р ы з</b>	<b>№4 педагогикалық кеңес</b>  <b>Жақсы мұғалім-мектептің жүрегі.</b>	1.Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 3 – тоқсанда атқарылған жұмыстарды қорытындылау және талдау; 4-тоқсанда атқарылатын жұмыстар мен міндеттер. «Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру» айлығының қорытындысы. Қорытынды аттестаттауға дайындық барысы, таңдау пәндері туралы.	Майлыбаева Ж. (Стат.орынбасар) Ж.Емешова.
		2.Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлердің атқарылған жұмыстары туралы.	А.Имашева орынбасар.
		3.Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің кәсіби деңгейінің белгілі санатқа сәйкестігі.	Ж.Амирова. әдіскер
		4.Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы.	Медбикелер
		5.Оқушылар арасындағы құқықбұзушылық пен діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы.	ДТЖО Ж.Ізмағанбетова.
		6. Мектеп бітіруші 11- сыныптың үздік оқушыларын «Алтын белгі» белгісіне және «Үздік аттестат» алуға, 9-сыныптың үздік оқушыларын «Үздік куәлік» алуға үміткерлердің құжаттарын тексеру.	Ж.Емешова.

<b>мамыр</b>	<b>№4 педагогикалық кеңес «Білім сапасын жетілдіру бойынша жаңа оқу жылында мектеп жұмысының келешегі»</b>	1. Жыл бойына атқарылған педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмыстарын қорытындылау және талдау	Амирова Ж. (әдіскер)
		2. 5-8, 10-сынып оқушыларын аралық аттестаттауға, ал 9-сыныптың бітірушілерін негізгі орта білім курсы бойынша қорытынды аттестаттауға, 11-сыныптың бітірушілерін қорытынды аттестаттауға жіберу туралы. Мектепалды дайындық сыныбын және 1-4 сынып оқушыларын тоқсандық бағаларының негізінде келесі сыныпқа көшіру.	Емешова Ж.М. (оқу ісі жөніндегі орынбасары)  Хайрмеденова Р. (бастауыштың оқу ісі жөніндегі орынбасары)
		Инклюзивті (ерекше білім беру қажеттіліктері бар) оқытудағы оқу-тәрбие жұмыстарының барысы	Ұ.Қызылғұлова
		3. Бір жылдық тәрбие және сынып жетекшілердің атқарған жұмыстарын қорытындылау және талдау, баға беру.	Измағанбетова Ж. (тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
		4. «Дене шынықтыру және спорт». Президенттік сынақтардың қорытынды есебі	Дүзелбай М. (дене шынықтыру пән мұғалімі)
		5. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы	Измағанбетова Ж. (тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)

<b>М а у с ы м</b>	<b>№5 педагогикалық кеңес «Жыл бойына атқарылған жұмыстарға сараптама, талдау»</b>	1. 9-сыныптың бітірушілерін негізгі орта білім курсы бойынша қорытынды аттестаттауы, 11-сыныптың бітірушілерін қорытынды аттестаттаудан өткен оқушылардың білімін қорытындылау және сараптама жүргізу.	Емешова Ж.М. (оқу ісі жөніндегі орынбасары)
		2. Негізгі және орта білім туралы құжаттарды сапалы, қатесіз толтыру	Ж.А.Байназарова (мектеп директоры)
		3. Жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында мектеп қызметкерлерін мадақтау	Мектеп әкімшілігі. А.Имашева.
		4. Ағымдағы жөндеуді сапалы жүргізуін қадағалау	А.Қарағұлова ШЖО

Педагогикалық кеңес хаттамалары ұсынылады.

## **2020-2021 оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттері**

### **Мақсаты:**

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру;

Білім сапасын 54,2 % -дан -57 % арттыру.

- мұғалімдердің теориялық және кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге ықпал ететін үдерістерді іске асыру, тәлімгерлікті, жас мамандармен жүйелі жұмыстар жүргізу;
- Дарынды баламен нәтижелі жұмысқа бағыттау. Пәндік олимпиадаға, ғылыми жұмыстарға дайындық жұмыстарын жолға қою.
- Жаңа инновацияны оқу үдерісінде қолдануға, мектептің жоғары жетістікке жетуіне және жеке тұлғаның заман талабына сай қалыптасуына жағдай жасап, бәсекелестікке қабілетті кәсіби деңгейі жоғары мұғалімдермен оқушылар қатарын көбейту және жағымды психологиялық орта қалыптасқан мектеп жұмысын дамыту.

### **Міндеттер:**

-педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.

-жаңартылған білім беруді, үштілділікті жүзеге асыруда АКТ-ны кеңінен қолдануды қамтамасыз ету;

-оқытудың жайлы және қолайлы ортасын қамтамасыз ету;

- цифрлық инфрақұрылыммен және материалдық-техникалық базаны жетілдіру;

-мониторинг жүргізу, алынған мәліметтерді талдау, мектептің дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын қалыптастыру;

-мектептің даму динамикасын жүйелі бақылау, кедергілерді уақытында анықтау.

**Оқу-тәрбие үрдісінде төмендегідей жобалар еніп жоспарлы жұмыс жасалды:**

**Рухани жаңғыру: «Ауылым – алтын қазынам»** жобасы бойынша *«Туған елге тағзым»* бұрышы жасақталды.

**Рухани жаңғыру:** Серікбол Қондыбай кабинетін ашу. 2017 жылдың 24 қазанында халықаралық деңгейде белгілі этнограф, географ ғалым Серікбол Қондыбайдың шығармашылығына арналған клуб пен кабинет ашылды.

**Серікболтанушылар мектебінің құрылуы.** Жетекші Байназаров Қ. С.Қондыбайдың «Қазақтың жағрапиялық рәміздері» еңбегі бойынша мұражай жасақталып, толықтырылуда.

**«Табиғатпен үндес мектеп» жобасы:** Мектепте оқу кабинеттеріндегі бөлме гүлдерінің саны 1439 болса, дәліздегі гүлдер саны – 573. Барлығы 2012 бөлме гүлдерінің түрлері бар. Мектеп ауласында 50 тал роза гүлі мен 50 айланд ағашы және 1000 түп бұта ағаштары отырғызылды. Мектеп жылыжайы көктемгі жұмыстарға тыңғылықты дайындалып, қызанақ, қияр, құлпынай пияз т.б. жеміс-жидектер егіліп, бапталуда.

**«100 кітап» жобасы:** Халқымыздың бай да асыл қазынасы болған көркем шығармаларға қызығушылығын арттыру арқылы оқушылардың рухани дүниесін байытып, сөздік қорын молайтып, қазақи болмыс-бітімін, ұлттық ұстанымын қалыптастырып, саналы азамат болуды санасына сіңіру. Ақын-жазушыларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұрасын кеңінен насихаттап, әдеби кітап оқудың пайдасын ұғындыру.

**«Жоғарғы оқу орны мен мектеп» серіктестігі жобасы.** Осы жоба негізінде «Біртұтас педагогикалық процесті технологияландыру» (авторы педагогика ғылымдарының кандидаты, Астана университетінің доценті Қисымова Алима Қисымқызы) бойынша жаңартылған білім беру жағдайында оқу үрдісіне Блум таксономиясын қолдануда сабақтың технологиялық картасын қолдануды енгізіп, аудандық облыстық деңгейде іс-тәжірибелер таратылды. «Білім айнасы-топ-100» үздік жұмыстар жинағына 21 мұғалімдеріміздің үздік сабақтары мен мақалалары жарияланды.

## Педагогикалық кеңестің жоспары

### ТАМЫЗ

№	мәселе	жауапты
1	2019-2020 оқу жылына қорытынды талдау. 2020-2021 оқу жылының басталуы, алға қойылған мақсат, міндеттері. Жаңа оқу жылына арналған мектептің даму жоспарын талқылау, бекіту.	Ж.Байназарова
2	Қашықтықтан оқыту мәселелері: -жаңа оқу жылындағы оқу форматтары; -қашықтан оқытуда сабақты әзірлеу алгоритмі; -қашықтан оқытуда пайдаланылатын интернет-платформасымен таныстыру; -жаңа оқу жылында білім алушыларды бағалау ерекшеліктері;	Ж.Байназарова Ж.Емешова, Ф.Бегенішова, А.Танкаева
3	2020-2021 оқу жылына базистік оқу жоспарын таңдап алу, бекіту, 1-11 сыныпқа арналған білім беру бағдарламасын іске асыру. Мұғалімдердің оқу жүктемелерінің және үйірме, факультатив сағаттарының бөлінісі туралы. Сынып комплектісін бекіту, кезекші сыныптарды ұйымдастыру мәселелері.	Ж.Емешова Ф.Бегенішова, А.Танкаева
4	Мектептің ішкі тәртіп ережесін толықтыру және нақтылау. Оқу-тәрбие жұмысында мұғалімдерге қоғамдық міндеттерді жүктеу және бекіту, педагогикалық кеңестің жаңа құрамын сайлау, лауазымдық жалақысын есептейтін және тарификациядан өткізу комиссиясын құру.	Ж.Байназарова
5	Жалпыға міндетті оқу айлығы мен «Мектепке жол» акциясының барысы және ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы.	М.Құрақбай
6	Педагог қызметкерлерді жаңа форматтағы аттестаттау ережесімен таныстыру және 2019-2020 оқу жылындағы аттестаттау қорытындысы.	Ұ.Қызылғұлова
7	2020-2021 оқу жылындағы “Ерекше аттестат” және “Алтын белгі” белгісіне үміткер оқушыларды анықтау.	Ж.Емешова

### ҚАРАША

№	мәселе	жауапты
1	I тоқсанның қорытынды есебі	Ж.Майлыбаева
2	Пәндік сапа көрсеткіштері;	Ж.Майлыбаева, Ж.Емешова, Ф.

		Бегенішова, А Танкаева.
3	Жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиаданың мектепшілік кезеңінің қорытындысы.	Ж.Жаппаров.
4	I тоқсан бойынша модерацияның жүргізілуі	Ж.Емешова, Ф. Бегенішова, А. Т анкаева
5	Электронды журналдарды және электронды күнделіктің толтырылу сапасы	А.Дауенова.
6	«Тынымсыз еңбек пен ізденіс ақылы табысқа жету жолдарым»	Қ.Байназаров.

#### ҚАҢТАР

№	мәселе	жауапты
1	II тоқсанның және I жж қорытынды есебі	Ж.Майлыбаева
2	Пәндік сапа көрсеткіштер	Ж.Майлыбаева, Ж.Емешова, Ф. Бегенішова, А. Т анкаева
3	Қамқорлық қайырымдылық акциясының барысы	М.Құрақбай
4	Мектеп бойынша даму мүмкіндігі шектеулі (үйден оқитын, психикалық дамуы тежелген сыныпта оқитын, инклюзивті біліммен қамтылған) оқушылармен жұмыс	Ұ.Қызылғұлова
5	I ж.ж бойынша мәдени шаралардың өткізілуі бағыты орындалысы	ДТЖО Ж.Шарифатова
6	I ж.ж. Дарынды баламен жүргізілген жұмыстардың барысы	Ж.Жаппаров
7	Сенбі күнгі іс шаралардың орындалысы	А.Имашева

#### НАУРЫЗ

№	мәселе	жауапты
1	Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 3-тоқсанда атқарылған жұмыстар және қорытындысы.	Ж.Майлыбаева
2	Пәндік сапа көрсеткіштер	Ж.Майлыбаева, Ж.Емешова, Ф.Бегенішова, А.Танкаева
3	«Менің мектебіме үлесім» жоба акциясына қатысу жағдайы	А.Имашева
4	Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылығының алдын алу және қиын, қиынға бейім және намаз оқитын оқушылармен жасалған жұмыстар	ДТЖО

5	«Ерекше аттестат» және «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушылардың білім сапасы	Ж.Емешева
6	«Қашықтықтан оқытуда білім алушыларды бағалау ерекшеліктері» баяндама	А.Қуат.

#### МАМЫР

№	мәселе	жауапты
1	IV тоқсан және жылдық қорытынды. Пәндік сапа көрсеткіштер	Ж.Майлыбаева, Ж.Емешева, Ф.Бегенішова, А.Танкаева
2	Жылдық қорытынды бойынша 1-8, 10 сынып оқушыларын келесі сыныптарға көшіру және үздік оқушыларды мақтау қағазына ұсыну туралы	Ж.Емешева
3	Әдістемелік жұмыстың жылдық есебі. Жетістіктеріне қарай педагог кадрларды марапаттауға ұсыну	А.Имашева
4	Мектеп тренерлерінің жылдық жұмысы	А.Қуат
5	9,11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары. Оқушыларды сыныптан-сыныпқа көшіру.	Ж.Емешева
6	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	М.Құрақбай.
7		

#### МАУСЫМ

№	мәселе	жауапты
1	Қорытынды аттестаттау 9, 11 сынып оқушыларының бітіру емтихандарының қорытындысы	Ж.Емешева
2	9-сынып оқушыларына негізгі мектеп курсын бітіру, 11-сынып оқушыларына жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатын беру туралы және жекелеген пәндерден марапатқа ұсыну	Ж.Емешева
3	Ағымдағы жөндеу жұмыстарына дайындық шаралары	А.Карагулова

Педагогикалық кеңе хаттамалары жазылған, көшірмелері ұсынылады.

#### 2021-2022 оқу жылы

**Тақырыбы:** Құндылыққа негізделген білім мазмұнымен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыра отырып білім сапасын көтеру

**Мақсаты:**

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру;

Білім сапасын 57 % арттыру.

- мұғалімдердің теориялық және кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге ықпал ететін үдерістерді іске асыру, тәлімгерлікті, жас мамандармен жүйелі жұмыстар жүргізу;
- Дарынды баламен нәтижелі жұмысқа бағыттау. Пәндік олимпиадаға, ғылыми жұмыстарға дайындық жұмыстарын жолға қою.
- Жаңа инновацияны оқу үдерісінде қолдануға, мектептің жоғары жетістікке жетуіне және жеке тұлғаның заман талабына сай қалыптасуына жағдай жасап, бәсекелестікке қабілетті кәсіби деңгейі жоғары мұғалімдермен оқушылар қатарын көбейту және жағымды психологиялық орта қалыптасқан мектеп жұмысын дамыту.

### **Міндеттер:**

-педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.

-жаңартылған білім беруді, үштілділікті жүзеге асыруда АКТ-ны кеңінен қолдануды қамтамасыз ету;

-оқытудың жайлы және қолайлы ортасын қамтамасыз ету:

- цифрлық инфрақұрылыммен және материалдық-техникалық базаны жетілдіру;

-мониторинг жүргізу, алынған мәліметтерді талдау, мектептің дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын қалыптастыру;

-мектептің даму динамикасын жүйелі бақылау, кедергілерді уақытында анықтау.

***Мектепте кездесетін мәселелерге SWOT талдау жасай келе нені жетілдіру керектігін де анықталды.***

Мектептің даму деңгейіне жасалған SWOT талдау.

<b>S күші жақтары</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- Бінтымақтасқан ұжым.</li><li>- Республикалық «Ең үздік ауыл мектебі»</li><li>- Кадрдің сапалық құрамының жақсы болуы.</li><li>- мектепте 4 тренердің болуы, зерттеу топтарының, шығармашылық топтың жұмысы бар.</li><li>- Оқушылардың қабілеттері мен қызығушылығы бойынша қосымша танымдық жобалар ұйымдастырылған. Мысалы «100 кітап», «Серікболтану», «Дебат» клубы, «Ұлттық ойындар» (4 дүркін республика жеңімпаздары) тб.</li><li>- Үш тілде оқытатын мамандар даярлануы.</li><li>- Мұғалімдер арасында кәсіби желілік бар.</li><li>- жетекші мектеп ретінде кәсіби даму бар.</li></ul>	<b>W әлсіз жақтары</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- Әлі де жаңашылдықты қолдануы жеткіліксіз мұғалімдердің болуы.</li><li>- Педагог мамандардың өздігінен кәсіби өсуіне ұмтылыстың жеткіліксіздігі.</li><li>- Мұғалімдердің бастамашылдығының төмендігі, орындаушылығының басымдығы.</li><li>- Үш тілде оқытатын мамандардың кәсіби деңгейі.</li><li>- Барлық кабинетте АКТ-мен толық қамтамасыз етілмеуі</li><li>- оқушылардың пәндік олимпиада мен ғылыми жобаларда дайындауда мұғалім белсенділігі мен әдістемелік деңгейінің жетпей жатуы.</li></ul>
<b>O мүмкіндіктері</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- Басқарудың жаңашыл әдістерін іздеу, қолдану.</li></ul>	<b>T қауіп-қатер</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- оқушы санының артуы нәтижесінде мектепте сынып кабинеттерінің</li></ul>

<ul style="list-style-type: none"> <li>- Педагог үшін кәсіби өсу жүйесін қамтамасыз ету, мұғалімдердің жаңа форматта біліктілігін арттыру жұмыстарын жалғастыру. НЗМ мектебімен кәсіби байланысты күшейту.</li> <li>- Жаңа идея ұсынушы, бастамашыл мұғалімдерді ынталандыру.</li> <li>- Үш тілділікке байланысты біліктілігін арттыру, өзара бәсекелестік туғызу.</li> <li>- материалдық базаны жабдықтауға қаржы бөлімі, білім бөліміне сұраныс.</li> <li>- Дарынды оқушылармен жұмысты жандандыруда менторлық топ құру.</li> </ul>	жетіспеушілігі, мектептің 3 ауысымға көшу ықтималдылығы
---	---

### Педагогикалық кеңестің жоспары

#### ТАМЫЗ

№	<i>№1 педкеңес</i> Тақырыбы: «2020-2021 оқу жылының қорытындысы. Мектептің жаңа оқу жылындағы келешегі»	жауапты
1	1.2020-2021 оқу жылына қорытынды талдау.	Ж.Байназарова Ж.Емешова
2	2021-2022 оқу жылының басталуы, алға қойылған мақсат, міндеттері. Жаңа оқу жылына арналған мектептің даму жоспарын талқылау, бекіту	Ж.Байназарова
3	2021-2022 оқу жылына базистік оқу жоспарын таңдап алу, бекіту, 1-11 сыныпқа арналған білім беру бағдарламасын іске асыру. Мұғалімдердің оқу жүктемелерінің және үйірме, факультатив сағаттарының бөлінісі туралы. Сынып комплектісін бекіту, кезекші сыныптарды ұйымдастыру мәселелері.	Ж.Емешова Ф.Бегенішова, А.Танкаева
4	Мектептің ішкі тәртіп ережесін толықтыру және нақтылау. Оқу-тәрбие жұмысында мұғалімдерге қоғамдық міндеттерді жүктеу және бекіту, педагогикалық кеңестің жаңа құрамын сайлау, лауазымдық жалақысын есептейтін және тарификациядан өткізу комиссиясын құру.	Ж.Байназарова
5	Жалпыға міндетті оқу айлығы мен «Мектепке жол» акциясының барысы және ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы.	М.Құрақбай
6	Педагог қызметкерлерді жаңа форматтағы аттестаттау ережесімен таныстыру және 2020-2021 оқу жылындағы аттестаттау қорытындысы.	Ұ.Қызылғұлова

7	2021-2022 оқу жылындағы “Ерекше аттестат” және “Алтын белгі” белгісіне үміткер оқушыларды анықтау.	Ж.Емешова

**ҚАРАША**

№	<i>№2 педкеңес</i>	жауапты
	Тақырыбы: «Сынып жетекші мектептегі тәрбие жұмысының негізгі буыны»	
1	I тоқсанның қорытынды есебі	Ж.Майлыбаева
2	Пәндік сапа көрсеткіштері;	Ж.Майлыбаева, Ж.Емешова, Ф.Бегенішова, А.Танкаева.
3	Жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиаданың мектепшілік кезеңінің қорытындысы.	Ж.Жаппаров.
4	I тоқсан бойынша модерацияның жүргізілуі	Ж.Емешова, Ф.Бегенішова, А.Танкаева
5	Электронды журналдарды және электронды күнделіктің толтырылу сапасы	А.Дауенова.
6.	Сынып жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығын оқу талдау, сынып жетекшісінің ұстанымы.	А.Төлегенова
7	СӨС қалыптастыру бойынша атқарылған жұмыстар	Э.Нурулаева

**ҚАҢТАР**

№	<i>№3 педкеңес</i>	жауапты
	Тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға білім беру қызметінің мазмұны мен ұйымдастыру»	
1	II тоқсанның және I жж қорытынды есебі	Ж.Майлыбаева
2	Пәндік сапа көрсеткіштер, салыстырмалы мониторинг	Ж.Майлыбаева, Ж.Емешова, Ф.Бегенішова, А.Танкаева
3	Қамқорлық қайырымдылық акциясының барысы	М.Кұрақбай
4	Мектеп бойынша даму мүмкіндігі шектеулі (үйден оқитын, психикалық дамуы тежелген сыныпта оқитын, инклюзивті біліммен қамтылған) оқушылармен жұмыс	Ұ.Қызылғұлова
5	I ж.ж бойынша мәдени шаралардың өткізілуі бағыты орындалысы	ДТЖО Ж.Шарифатова
6	Мектеп мамандарының (психолог, дефектолог, логопед) ЕБҚ балалармен	психолог, дефектолог, логопед

	жұмысы	
7	Сенбі күнгі іс шаралардың орындалысы	А.Имашева

### НАУРЫЗ

№	№4 педкеңес «Бағыттар бойынша оқу жүйесінде дарынды балалармен жұмыстың заманауи тәсілдері»	жауапты
1	Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 3-тоқсанда атқарылған жұмыстар және қорытындысы.	Ж.Майлыбаева,Ж.Емешова, Ф.Бегенішова,Ж.Измаганбетова
2	Пәндік сапа көрсеткіштер,салыстырмалы мониторинг	Ж.Майлыбаева,Ж.Емешова, Ф.Бегенішова
3	Дарынды балалармен жұмыс тәжірибесін қорытындылау. Пәндік олимпиада нәтижелері.	Г.Нұрболатова
4	Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылығының алдын алу және қиын, қиынға бейім және намаз оқитын оқушылармен жасалған жұмыстар	ДТЖО
5	«Ерекше аттестат» және «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушылардың білім сапасы	Ж.Емешова
6	«Заманауи сабақты жоспарлау әдістері»	А.Имашева

### МАМЫР

№	№5 педкеңес Тақырыбы:«9-11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауы»	жауапты
1	IV тоқсан және жылдық қорытынды.Пәндік сапа көрсеткіштер	Ж.Майлыбаева,Ж.Емешова, Ф.Бегенішова,А.Танкаева
2	Жылдық қорытынды бойынша 1-8, 10 сынып оқушыларын келесі сыныптарға көшіру және үздік оқушыларды мақтау қағазына ұсыну туралы	Ж.Емешова
3	Әдістемелік жұмыстың жылдық есебі. Жетістіктеріне қарай педагог кадрларды марапаттауға ұсыну	А.Имашева
4	Мектеп тренерлерінің жылдық жұмысы	А.Қуат
5	9,11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары.Оқушыларды сыныптан-сыныпқа	Ж.Емешова

	көшіру.	
6	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	М.Құрақбай.
7	Мектеп оқушыларын жазғы сауықтыру жұмыстары, мектеп жанындағы лагерьді ұйымдастыру мәселелері.	М.Құрақбай.

#### МАУСЫМ

№	№6 педкеңес Тақырыбы: «Қорытынды аттестаттау нәтижелері.»	жауапты
1	Қорытынды аттестаттау 9, 11 сынып оқушыларының бітіру емтихандарының қорытындысы	Ж.Емешова
2	9-сынып оқушыларына негізгі мектеп курсы бітіру, 11-сынып оқушыларына жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатын беру туралы және жекелеген пәндерден марапатқа ұсыну	Ж.Емешова
3	Ағымдағы жөндеу жұмыстарына дайындық шаралары	А.Карагулова

Педагогикалық кеңес хаттамалары жазылған, көшірмелері ұсынылады.

## **2.2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі**

### **Бағалау нәтижелері:**

«Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2019-2020 оқу жылына арналған оқу жоспары бойынша оқу үрдісі мектепалды даярлық сыныптарында және 1-4 сыныптарда ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР БЖҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына, ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), 5-9 сыныптарда оқу үрдісі ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу жоспарының 4-қосымшасы, 10-сыныптарда (2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), 11

сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасақталған.

«Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2020-2021 оқу жылына арналған оқу жоспары бойынша оқу үрдісі мектепалды даярлық сыныптарында және 1-4 сыныптарда «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» ҚР БжҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген. Негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), 5-9 сыныптарда ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес жүзеге асырылған.

«Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жоспары бойынша оқу үрдісі мектепалды даярлық сыныптарында «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» ҚР БжҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 1-қосымшасына, 1-4 сыныптарда ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 11-қосымша, 5-6 сыныптарда ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 16-қосымша, 7-8-9 сыныптарға ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің жаңартылған үлгілік оқу жоспарының 6-қосымшасы сәйкес жүзеге асырылған. 10-11 сыныптарда қоғамдық гуманитарлық бағыт бойынша ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) 21-қосымша, 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 22-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылған.

Барлық оқу жылдарына арналған оқу жоспарлары мен сабақ кестелері мектеп басшысымен бекітілген.

Сабақтар мен үйірме кестесіндегі білім салалары бойынша оқу пәндерінің сағат сандары ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес.

Бағаланатын кезеңнің базалық мазмұның игеру сапасы:

Оқужылы	Оқушысаны	Үлгерім	Сапа	Озат	Екпінді
2019-2020	1958	99,95%	54,19	233	828
2020-2021	2091	100%	48,06	219	674
2021-2022	2169	100%	43,46	199	629

#### **2.4. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру**

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асырылу жағдайы зерделенді.

2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқужылдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» сәйкес жасақталған. Тәрбие жұмысы келесі бағыттар арқылы жүзеге асырылған: жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбиесі, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, жәнет.б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды. Тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері, іске асыру механизмдері айқындалып, мектеп директорымен бекітілген. Тәрбиенің басым бағыттары бойынша оқушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған шараларды қамтиды

**2.5. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.**

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды бағалау кезеңінде. «Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2019-2022 оқу жылдарына арналған білім беру ұйымының басшысымен бекітілген қосымша сабақтар кестелері ұсынылды.

